

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен
құқық бұзушылықтарға қарсы күрес
органдары

Дәріс беруші: PhD доктор Рахимова Гакку
Нурлановна

ЖОСПАРЫ:

- Сыбайлыс жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсат міндеттері
- Сыбайлыс жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың шаралар жүйесі
- Сыбайлыс жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет

- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік орган болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган

- Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру мен іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері;



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеттері

- ✓ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты- қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.
- ✓ Міндеттері:
- ✓ қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;
- ✓ Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;
- ✓ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;
- ✓ халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
- ✓ анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары

- ✓ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті;
- ✓ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды;
- ✓ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды;
- ✓ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізуді;
- ✓ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңдық сараптама жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық сипаты бар нормаларды анықтауды;
- ✓ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруды және сақтауды;
- ✓ қаржылық бақылауды;
- ✓ сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары

- ✓ мүдделер қақтығысын болғызбауды және шешуді;
- ✓ кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын;
- ✓ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді;
- ✓ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлауды;
- ✓ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын жоюды;
- ✓ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыруды және жариялауды қамтиды.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг

- ✓ **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг** – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ қоғамның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтап-қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі.
- ✓ **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мақсаты** – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасын бағалау болып табылады.
- ✓ **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің дереккөздері** – құқықтық статистика мен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың мәліметтері, әлеуметтік сұрау жүргізу деректері мен бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар, сондай-ақ заңмен тыйым салынбаған өзге де ақпарат көздері болып табылады.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидалары:

- ✓ заңдылық;
- ✓ адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
- ✓ жариялылық пен ашықтық;
- ✓ мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы;
- ✓ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
- ✓ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;
- ✓ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау және көтермелеу;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар — қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласы үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды жұртшылықтың қатысуымен мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері әзірлейді және олар заңнаманы әзірлеу кезінде және құқық қолдану практикасында ескеріледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілері

- ✓ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган;
- ✓ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де субъектілері: мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалар жатады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның құзыреті

- ✓ Мемлекеттік қызмет жүйесін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды одан әрі жетілдіру мақсатында, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы Мемлекет басшысының 2019 жылғы 13 маусымдағы № 12 Жарлығымен Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) болып қайта құрылды.
- ✓ Ұлттық бюро Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің құрамындағы ведомство болса, Агенттік Жарлыққа сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда ерекше кешенді құзыреттер бөлінген тәуелсіз құқық қорғау органы болып табылады.
- ✓ Сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейтуге және оның алдын алу тиімділігін арттыруға бағытталған.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның құзыреті

- **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ**
- **МЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОРДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРДЫ АНЫҚТАУ**
- **СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕУ**

Құқық қорғау қызметі (іздеу)

- Қылмыстық қудалаудан жасырынып жүрген азаматтарды іздеу – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жұмысының маңызды бағыты. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары фигуранттарының басым бөлігі ұры, қарақшы және т.б. секілді қылмыскерлер тобырынан сапалық жағынан ерекшеленеді. Ауқымды іскерлік байланыстар мен қомақты қаржылық мүмкіндіктер оларға «қашу жоспарын» бүге-шігесіне дейін ойластырып, кейін оны іске асыруға мүмкіндік береді.

«Antikor.kz»

- «Antikor.kz» арнайы бағдарламасының 2021 жылғы 18 желтоқсандағы №37 кезекті шығарылымы ұсыныла бастады.
- <https://www.gov.kz/memleket/entities/anticorruption/press/media/details/20297?directionId=1179&lang=kk>

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

- Қазақстан Республикасының азаматтығы;
- 18 жастан бастап, бірақ 35 жастан аспауы қажет;
- жоғары заңгерлік, экономикалық немесе қаржылық білімінің болуы шарт.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру – тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі.

Қолданылған әдебиеттер:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ.<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410#z83>
- Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000380>
- Казахстан Республикасынын сот және құқык қорғау органдары: оқулық / Е.С. Кемали, С.К. Журсимбаев. Алматы:-«NURPRESS» баспасы, 2016. - 267 б

Назарларыңызға рақмет